

№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасында өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы №1

Күні: 17.09.2024 ж

Қатысушылар: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасын, хатшысын сайлау.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын таныстыру.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Ш.Таженова балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне бір жеке кәсіпкер және ата-ана, құқық қорғау органдарының өкілінен бір адам, аудандық «Жұлдыз-звезде» газетінің тілшісі, «Энергосистема» АҚ инженері бір адам және зейнеткер - ұстаз бір адам барлығы 5 адам келісім беріп отырғанын айтты. Жоғарыда атап өткен үлгілік қағидаға сәйкес Қамқоршылық кеңестің өкілеттігімен балабақша әдіскерінің м.у.а А.Бирмагамбетова таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша, Қамқоршылық кеңесінің мүшелері арасынан төраға сайлану қажеттігі айтылды. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өзара пікірлесе келіп, Қамқоршылық кеңесінің төрағалығына Аметов Е.Д ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып балабақша әдіскерінің м.у.а А.Бирмагамбетова тағайындалды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары талқыланды. Меңгеруші қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты. Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2024 жылдың қыркүйек айынан 2025 жылдың мамыр айына дейін төрт отырыс өткізіледі деп шешті.

Қамқоршылық кеңесінің

төрағасы:



Аметов Е.Д

Хатшы:



А.Бирмагамбетова